

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Журналисттің сөз сөйлеуіне арналған жазбаша және ауызша нормалар.

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.03.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/151774/>

«Сөз мәдениеті» қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын журналисттердің қатаң сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру «Сөз мәдениетіне» жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану «Сөз мәдениетіне» нұқсан келтіреді. «Сөз мәдениеті» сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. «Сөз мәдениеті» теориясының дамуында лексиграфика, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпикалық, орфографиялық, синонимдік т. б. арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Теледидар, газет, радиодан кейін өмірге келсе де, қазіргі кезде солардың әрқайсысымен бір қатарда тұрған және сол бұқаралық ақпарат құралдарына тән ерекшеліктердің бәрін өз бойына жинақтаған синтезделген өнер түрі болып табылады. Әрине, бұл әр күннің не бір жылдың нәтижесі емес, оған теледидар тарихындағы әрбір талант өз үлесін қосты. Қазақ тіл білімінде телехабарлар тілін зерттеуге бетбұрыс еліміз тәуелсіздік алған жылдардан басталады. Телехабарлар тілі туралы ғылыми мақалалар, ара-тұра айтылған ой пікірлер болмаса, қомақты да жүйелі ғылыми зерттеу жұмыстары жоқ деуге болады. БАҚ ішіндегі теледидар хабарларының тілі жөніндегі мақалалардың басым көпшілігі 90 жылдардың екінші жартысынан бері көбейіп келеді. Мұның бірінші себебі – халық өміріне электронды ақпарат құралдарының енуі. Екіншіден, еліміздің егеменді мемлекет болуымен байланысты ұлттық тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы себеп болды. Бүгінгі таңдағы БАҚ тіл мәдениеті дамуының айқын бір құбылысы – тілдің үнемі даму, жаңару, толығу үстінде болуы, ол қоғамда болып жатқан жағдайлар мен тарихи оқиғаларға байланысты. Тіл орашолақтығы баспасөзден гөрі телехабарларда жиі байқалады. Түрлі коммерциялық, тәуелсіз телеарналарда мемлекетіміздің 50-де 50 тіл бағдарламасын әйтеуір орындасақ болды деген желеумен комментатор, диктор, тіпті тележурналист мамандарын ешқандай байқау, сынақсыз қабылдайды. Ал ондай мамандар әдеби тілдік норманы, сөйлеу мәдениетінің табиғатын білмек түгілі, ауызекі, тұрмыстық сөйлеудің өзін (акцентпен) бұзып айтады. Жалпы, тележурналистер тіліндегі кемшіліктер

тоқталып кетсек: — орыс тілді мәтіндерден тікелей аударудың нәтижесінде болатын қателіктер; — тележурналистердің тілінің шұрайсыздығы; — сөйлемдерді айтқанда, интонацияның дұрыс қойылмауы; — сөз тіркестерінің дұрыс қолданылмауы; — оқу мақамын дұрыс меңгермеуі; — мәтінді нақышына келтіре білмеуі; — екпіннің дұрыс қойылмауы т.б. Осындай олқылықтар біздің бұқаралық ақпарат көздерінің қай-қайсысында кездесіп жататындығы рас. Сөйлеу арқылы журналист тыңдарманды сендіріп қана қоймай, әсем қоңыр дауысымен еліктіре, тарта да білуі керек. Дұрыс айтылмаған бір ауыз сөз радионың немесе телевизияның беделіне нұсқан келтіріп, өз аудиториясын бір сәтте жоғалтып алу қаупі әрдайым басым.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.